

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Келес ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 93 қаулысы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына және 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Келес ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Интергаз Орталық Азия" акционерлік қоғамына "БГР-ТБА" магистральды газ құбырының 1-желісінің 474 шақырымындағы айналма ауа өткелінің құрылысы үшін жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан 1,3601 гектар жер учаскелеріне 5 (бес) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

Жер учаскелері Біртілек ауылдық округінде орналасқан.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Джилкибаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Келес ауданының әкімі

Ж. Агибаев

Келес ауданы әкімдігінің  
2026 жылғы "28" сәуірдегі  
№93 қаулысына қосымша

## "Интергаз Орталық Азия" акционерлік қоғамына БГР-ТБА магистральдық газ құбырының 1-желісінің 474 шақырымының айналма ауа өткелінің құрылысы үшін жер учаскілеріне қауымдық сервитут белгілеу көлемдері

№	Ауыл, ауылдық округтің атауы	Қауымдық сервитуттың әрекет ету көлемі (гектар)	Соның ішінде				
			Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер	Оның ішінде			
				егістік	Оның ішінде: Суармалы егістік	Көп жылдық екпелер	жайылым
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Біртілек ауылдық округі	1,3601	1,3601	-	-	-	1,3601
	Барлығы	1,3601	1,3601	-	-	-	1,3601

### Кестенің жалғасы

	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі,	ерекше қорғалатын			
--	--	-------------------	--	--	--

елді мекендердің жері	қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығын арналмаған өзге де жер	табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	орман қорының жерлері	су қорының жерлері	Босалқы жерлер
9	10	11	12	13	14
-	-	-	-	-	-
-	-	-	-	-	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК